



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

FIFA WORLD CUP 2026 коллекциялық монеталарын айналысқа шығару туралы

Астана қ.

2026 жылғы 7 сәуір

Қазақстан Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚҰБ) «Спорт» сериясынан **FIFA WORLD CUP 2026** коллекциялық монеталарын айналысқа шығарады.

Монеталардың сатуға қашан шығарылатыны туралы ақпарат ҚҰБ-тың ресми сайтында қосымша беріледі.

Коллекциялық монета туралы

FIFA WORLD CUP 2026 коллекциялық монетасы әзірленгенде немістің MDM Münzhandelsgesellschaft mbH & Co. KG Deutsche Münze (MDM) нумизматикалық компаниясы серіктес болды. Оның 2026 жылғы футболдан әлем чемпионатына арналған коллекциялық монеталарды шығаруға FIFA берген ресми лицензиясы бар. Бұл – футбол тарихындағы XXIII чемпионат және алғаш рет үш елде қатар өтеді. Оның үстіне, ақтық ойындарға қатысатын ұлттық құрамалардың саны 48-ге дейін ұлғайтылып отыр.

Монета реверсінің жоғарғы бөлігінде финалдық ойындарды қабылдайтын Канада, АҚШ және Мексика елдерінің жалауы бейнеленген. Ортасында жер шары континенттері мен «FIFA WORLD CUP 26 TM» деген жазу бар. Төменгі бөлігінде FIFA-ның Әлем кубогы бейнеленген. Ал футбол добы кескінделген композицияның екі жағында футболшылардың бейнесін көруге болады.

Монета 925 сынамалы күмістен дайындалған. Түрлі түсті баспа технологиясы қолданылған монетаға алтын жалатылған. Монета массасы – 20 грамм, диаметрі – 37 мм, дайындау сапасы – proof, номиналы – 1000 теңгелік, жалпы таралымы – 2000 (екі мың) дана. 1 500 данасы – Қазақстанның ішкі нарығына, сыртқы нарыққа (жобаның серіктесі – MDM нумизматикалық компаниясы) – 500 дана таралады.

Монета бейнесі



Монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында өздерінің белгіленген құнына сай төлемдердің барлық түрі бойынша қабылдануға, сондай-ақ елдің барлық банкінде банк шоттарына есепке алынуға, аударуға, ұсақталуға және айырбасталуға жатады.

Монеталар Қазақстан теңге сарайында дайындалды.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

+7 (7172) 77 52 10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz